

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ**  
**ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА**  
**L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



«XXI ғасырдағы андрагогикалық білім:  
мәселелері мен шешу жолдары»  
халықаралық ғылыми семинар жинағы

сборник  
международного научного семинара  
«Андрогогическое образование в XXI веке:  
проблемы и пути решения»

collection of scientific articles  
of the international Research Seminar  
“Adult Education in the 21<sup>st</sup> Century:  
Challenges and Opportunities”

*Астана-2018*

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**Ж66**

*«Қазақстанның үшінші жаңғыруы контексінде андрагогикалық білімнің әдіснамасын жасау» атты ғылыми жоба аясында орындалды*

*Выполнено рамках научного проекта «Разработка методологии андрагогического образования в контексте третьей модернизации Казахстана»*

### **РЕЦЕНЗЕНТТЕР:**

**Дүйсенбинова Р.Қ.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
**Сарбасова Қ.А** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Жалпы редакциясын басқарған:  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
Г.Ж.Менлибекова

Редакция алқасы:

Қ.Қ.Шалғынбаева (Қазақстан), Л.В.Мардахаев (Ресей), Қ.С.Құрақбаев (Қазақстан), О.Займоглу (Түркия)

**Ж66** «XXI ғасырдағы андрагогикалық білім: мәселелері мен шешу жолдары» /Халықаралық ғылыми семинар жинағы. 20 сәуір, 2018 ж. – Астана, «Центр Элит» баспасы, 2018. - 192 б.

**ISBN 978-601-80705-5-6**

Халықаралық ғылыми семинар жинағына Қазақстан мен Ресей жетекші ғалымдарының XXI ғасырдағы андрагогикалық білім мәселелерін қамтитын мақалалары енгізіліп отыр.

Жинақ андрагогика саласын зерттеушілерге, білім алушыларға, көпшілік қауымға арналған.

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-80705-5-6**

**© Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ, 2018**

изучению английского языка и совершенствованию речевых умений и навыков, приобщению к чтению художественной, публицистической и специальной литературы на английском языке, совершенствованию интеллектуальных способностей личности, получению познавательного интереса, реализации творческого потенциала и самообразования будущих педагогов.

#### Литература

1. Дубаков А.В. Веб-квест как средство реализации метода проектов в процессе практической языковой подготовки будущих учителей английского языка / А.В. Дубаков // Zbiór raportów naukowych. «Postępy w nauce w ostatnich latach. Nowych rozwiązań». (28.12.2012 – 30.12.2012) – Warszawa: Wydawca: Sp.zo.o. «Diamond trading tour», 2012. – str. 10-13.

**Ж.Қ. Ибраимова**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті

### **ОҚЫТУ САПАСЫН ЖАҚСARTУДАҒЫ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ РӨЛІ**

Қазіргі студент – болашақтағы әр мамандықтың иесі, қоғамның арқа сүйер тірегі. Осыған орай бүгінгі таңда оқытушылардың алдында үлкен міндет тұр. Ол міндет – қазіргі студент жастарды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеумен қатар, оқу жүйесіне керекті күрделі техникалық құралдардың сырын үйрету, яғни ең сапалы білім беру.

Студенттердің көпшілігі мақсат дегеніміз - философиялық немесе психологиялық теорияларды білу деп ойлайды және де олардан емтиханда оқытушының дәрісбаянда баяндалған немесе ғылыми еңбектер мен оқулықтарда айтылған бағдарламадағы материалды айтып беру деп есептейді. Жауабы анық сияқты болып көрінеді: адамдарды жақсырақ білу үшін, оқу-тәрбие және басқару-ұйымдастыру жұмысында оларға ықпал ету. Алайда, онда студенттерді әдістемелік-ұйымдастыру мен педагогикалық бағыттағы тәжірибе жүзіндегі жүйелі нұсқаулармен қаруландырған дұрыс болар ма еді? Қарапайым сауалдар болып көрінгенімен, оларға берілетін жауаптар бәріне бірдей белгілі емес. Оқудағы жасандылық, көбінесе студенттің оқу іс-әрекетінің сапасын оның жадында сақталып қалған білімі бойынша бағаланатынынан байқалады. Студенттің бұл ілімді меңгеруінің шынайы деңгейі қандай, яғни оның бұл білімді күнделікті өмірде шығармашылық тұрғыдан қолдануы қаншалықты? Істің бұл маңызды жағын көбінесе болашақ практикаға қалдырады: өмір талап қойған кезде жоғары оқу орнының студенті өзінің алған білімін пайдалану біліктілігін көрсетеді дейді. Оқу барысында есте сақтау қабілеттілігі ғана қадағаланады.

Мұның бәрі көбінесе тұжырымның белгісіздігі салдарынан болады – теориялық білімдерін пайдалану іскерлігі. Осыдан көпшілік үшін, психологиялық теорияны іс жүзінде қолдана білу талабы нақтылы емес, бұлыңғыр болып қалады.

Сонда да теорияны іс жүзінде пайдалана білу іскерлігі - ақыл-ой біліктілігі болып табылады және де бұл ойлау теориясы арқылы ғана түсінікті болады да,

студенттердің ойлау біліктілігі мен қабілеттілігінің дамуы барысында қалыптасады.

Қазіргі таңда интерактивті әдістер бірлесу әдістемесін жүзеге асырады және де оқыту барысындағы тәбиелеу мәселелерінің тиімді шешімдерін қарастырады. Оқыту барысында интерактивті әдістердің пайдаланылуы дамыта және тәрбиелей отырып оқытудың алғы шарттары болып табылады.

Бұл жағдайдағы оқытушының рөлі - оқыту барысында студентті тікелей оқытып үйрететін адамның емес, оны оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушысының рөліне айналуы. Оқытушы студенттің оқу іс-әрекетін ол оқытушының оқу материалының мәтінін енжар қабылдап, жай ғана сіңіруін емес, осындай және басқа білім көзі арқылы қажетті ғылыми ақпаратты ала отырып, белсенді түрде ойлануын ұйымдастырады. Сондықтан оқытушы дәрісбаян барысында да, өзіндік жұмысы барысында да, практикалық және зертханалық жұмыстар кезінде де студенттің оқу іс-әрекетін ұйымдастырушысы болып саналады. Осындай ұйымдастырудың арқасында студент ақпаратты енжар тұтынушы емес, оны белсенді «табушысы» және «өндірушісі» болып қалыптасады [1].

Іскерлік ойын әдісі алғаш рет білім беру жүйесінде емес, іс жүзіндегі басқару саласында пайда болды. Қазіргі кезде іскерлік ойындар тәжірибе жүзінде әр түрлі салада қолданылады: зерттеу жұмысында, жоба үрдістерінде, шынайы өндірістік жағдайларда, соның ішінде әскери істерде қолданылатын ұжымдық шешімдерді жасауда пайдаланылады.

Әр түрлі мамандық даярлайтын жоғары оқу орындарындағы іскерлік ойындар басқару іс-әрекетін оқытуда жиі пайдаланылады. Кейде бұл оқыту әдісін «Басқарудың іскерлік ойындары» деп те атайды. Іскерлік ойындар маманының бірі Е.А. Хруцкий былай деп жазады: «Егер іскерлік ойынға жалпы анықтама беретін болсақ, бұл дегеніміз ойынға қатынасушылардың өздері жасайтын ережелер бойынша немесе берілген ережелер бойынша әр түрлі ойын жағдайларындағы басқару шешімінің қабылдануын білдіреді» [2]. Мұндай анықтама оқытушыларға арналған оқу құралдарында берілетін болғандықтан, шынайы басқару шешім жайлы емес, студенттерді басқаруға үйретудің оқыту әдісі ретіндегі іскерлік ойын.

Біздің пікіріміз бойынша, іскерлік ойын әдісі тек қана басқаруда ғана қолданылмайды. Егер оқытуды психологиялық тұрғыдан іс-әрекетке оқыту деп түсінетін болсақ, онда ол кез-келген оқу барысында қолданылуы қажет.

Оқыту әдісі ретіндегі іскерлік ойынның мағынасы мынада: келешек мамандарды белгілі бір кәсіби қызметке үйрету мақсатында студенттерді шынайы объектілердің көмегімен емес, олардың үлгілері арқылы оқыту. Сондай-ақ, студенттер әр түрлі рөлдерді атқаруы мүмкін: мұғалімнің, әдіскердің, білім беру департаменті инспекторының, студент-практиканттың және тіпті оқушының. Мұндай іскерлік ойын алдын ала жоспарланып, практикалық сабақ барысында жүргізілуі мүмкін.

«Іскерлік ойын» студентті шынайы іс-әрекет жағдайына кірістіріп, оның шынайы әрекет жасаушы ретінде ұйымдастырып, оның нақтылы ойланып, мақсатқа ұмтылуына себеп жасайтын болғандықтан нәтижелі болады. Бұл жағдай оқушының зер салуын жоғарылатады, мақсат жайлы ойлануына мүмкіндік береді, яғни оның материалды жақсырақ меңгеруін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, қазіргі таңда интерактивті оқытудың жаңа әдістерінің бірі болып тренинг саналады. Бұл әдістің жаңаша болып саналуының мағынасы мынада: біріншіден, ол Батыста шағын топ ішінде арнайы ұйымдастырылатын психокоррекциялық әдіс ретінде кең таралғанымен, бізде белгісіз болды. Екіншіден, ол студенттерді оқытуда кең таралмаған әдістердің бірі. Дегенмен де, кейбір оқу орындарында әлеуметтік психологияны оқыту барысында, іс-әрекет кезіндегі тұлғааралық қатынастардың үлгісін қалыптастыру мақсатында, оқу топтарындағы практикалық сабақ ретінде қолданылуда. Тренинг тобындағы пайда болатын алуан түрлі жағдайлар оқулық сипатында және шартты ойындар ретінде болып, оқушы үшін өз әрекетіне жауапкершілікпен қарайтын шынайы жағдайлар түрінде болады. Әрекет үшін жауапкершіліктің бұл жердегі маңызы зор: жеке оқу барысындағы сияқты өз алдындағы жауапкершілік қана емес, сондай-ақ топтағы серіктестері алдындағы да жауапкершілігі орын алады, өйткені әркімнің нәтижелі әрекеті – бұл барлық топ іс-әрекетінің нәтижесінің кепілі.

Тренинг бұл тұрғыдан іскерлік ойынды білдіреді. Бірақ бұл әдістердің айырмашылығы да айтарлықтай: біреуі теорияны практикада пайдалануға үйретсе, екіншісі – теорияны практикада оқытады. Топтағы тренинг әдісінің әлеуметтік психологияда ерекше орын алуы тегін емес. Өйткені, оның теориялық мазмұны топ ішіндегі және топ арасындағы қатынастардың заңдылықтарын толықтай қамтиды. Олар топтық тренинг ретінде өтілетін сабақтарда тез меңгеріледі, өйткені басқа әдістер қарастыратын ғылыми-теориялық ережелер өз үлгілерін табады. Жоғары оқу орындарындағы білім берудің дәстүрлі академиялық үлгісі және оған сәйкес келетін студенттердің тікелей академиялық білімі қазіргі заманғы «психологиялық технологияның» іс жүзіндегі талаптарына сай емес: «қатынастық кәсіп» деп аталатын мамандығын игерген адамдармен жұмыс барысында нені және қалай істеу керектігіне сай емес.

Сабақ тренинг әдісі бойынша сирек жүргізіледі. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, бұл іс жүзінде жаңадан кездесетін және бәрі бірдей жасап көрмеген әдіс. Екіншіден, бұл әдіс бойынша сабақты даярлау көп уақыт пен еңбектенуді қажет етеді. Үшіншіден, оқытушы топтық тренингке қандай әлеуметтік проблемаларды ұсыну керек екенін, қандайларын ұсынбаған дұрыс екенін біле бермейді. Бастапқы екі себептің айтарлықтай маңызы жоқ сияқты, ал үшіншісін, жиі кездесетін тақырыптарды алып, тренингті қазір-ақ өткізуге болады. Осылайша, басқару академиясы немесе мамандықты көтеру институттарында басшыларды даярлау барысында, басшылардың іскерлік қатынастары бойынша тренингтер жүргізіледі, студенттер аудиториясында – топтағы жеке адамдардың өзара әрекеттестігін дамыту мақсатында «Ұжым» деген тақырып бойынша тренингтер жүргізіледі.

Тренинг барысында орындалатын рөлдерге басқа қатынасшыларды қоюға болады. Рөлдердің алуан түрлі болуы мүмкін. Ол сабақтың тақырыбына байланысты болады. Мәселен, «Ұжым» тақырыбындағы «Даусыз қарым-қатынас» немесе «Келіспеушілікпен не істеу керек...» деген ұранмен өтетін тренингтегі рөлдер былайша бөлінуі мүмкін: «мұғалім», «жетекші», «ұйымдастырушы», «шебер», «әділеттілікті таңдаушы», «сыншы», «қарсылық білдіруші», «дәстүрді сақтаушы», «қу», «бейбітшілік қолдаушысы», «орындаушы», «жалқау», «жақсы жігіт», «сүйкімді қыз», «әкімшілік» және т.б.

Оқытушы сабақты топтық тренинг әдісі бойынша жүргізу үшін ауқымды даярлық жұмысын атқаруы қажет.

Даярлық құрылымы:

а) тренинг жоспары мен сценарийін жасау;  
б) тренингке ұсынылатын проблеманың шешілуіне студенттерді белсене қатынастыру мақсатындағы жұмыстар (оларға зерттелетін тақырып бойынша алдын ала сауалдар беріледі);

ә) оқытушының өзіндік дайындығы (ол өзінің тренинг барысындағы мінез-құлқын қарастырып, ойластырады: сұрақтарды қалай қою керек, жауаптар мен пікірлерге, дау-дамайларға қалай жауап қайтаруы керек; пікір-талас жағдайын өршіту керек пе немесе бір жақпен келісімге бару керек пе; шешім жайлы өзі айтуы керек пе немесе шешімді басқалардан талап етуі керек пе; дұрыс емес шешімдерге қалай жауап қайтаруы керек; жалпы қорытындыны қашан және қалай жасау керек; тренинг барысында студенттерді қалай және не үшін бағалауы қажет;

в) барлығына бірдей болмаса да қатынасушыларға рөлдерді бөліп беру, ал қалғандарына бақылаушылар және еріксіз сыншылар ретіндегі рөлдерді бөлу; осылайша тренингке өзіндік қатынасын ұйымдастыру [3].

Сапалы білім беру үшін, сабақта қазіргі заманның ең үздік оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану қажет.

#### Әдебиеттер

1. Ляудис В.Я. Формирование учебной деятельности студентов. – М., 1989. -240 с.
2. Хруцкий Е.А. Организация и проведение деловых игр. – М., 1991. – 320 с.
3. Ляудис В.Я. Методика преподавания психологии. – М., 2000. -128 с.

*Б. Атымтаева*

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Еуразия технологиялық университеті

### **БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында тұлғаның дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі.

Сондықтан да студенттердің ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат — әрбір студентке түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау [1].

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Инновация латыншадан аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе "инновация" — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті.